

ӘОЖ 372.61

ТІЛ КЕМІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ИКЕМДІЛІКТЕРІ МЕН DAҒДЫЛАРЫН ДАМУ ТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

ТҮРМАХАНОВА С.Ә.

п.ғ.к., доцент, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

ТАНАБАЕВА Г.Т.

ф.ғ.к., Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Аңдатпа. Мақалада сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың лексикалық дағдылары мен дағдыларын дамытудың теориялық негіздері мен жолдары қарастырылған. Біз білім жетіспеушілігі бар балалардың сөйлеу дағдылары мен дағдыларын дамытудың тиімді әдістерін қарастырдық. Сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың сөздік қорын байыту мақсатында әр мұғалім қазақ тілі сабақтарында сөйлеуді дамытудың келесі процестеріне ерекше назар аударуы керек. Олар: сөзді мағынасы бойынша дұрыс қолдана білу; жазбаша ойынды дұрыс бере білу; кілт сөздерді қолдана білу. Тілді меңгеру ерекшеліктеріне байланысты тілдік құралдарды коммуникативтік мақсатта қолдана білу, тілді дамыту дағдысы мен дағдысының деңгейін арттыру, мектептегі белгілі тілдік жүйелер, тілдік құрылымдар мен тілдік бірліктер, Оқу материалдары негізінде қарастырылады.

Кілт сөздер: қабілеттілік, дағдылар, әрекеттер, әдіс, ақпарат, меңгеру, ақпарат, мінездеме.

Қазіргі кезеңдегі балалардың қоғамнан өз орнын табуы, әлеуметтік жағдайы, жан-жақты дамып, толыққанды қоғам мүшесі болып қалыптасуы олардың денсаулығына және өз ойын дұрыс, тиянақты жеткізуіне байланысты екендігі белгілі.

Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикамыз тәуелсіздігін алып қалыптасу кезеңі, әлеуметтің барлық саласындағы қоғам дамуын алға жылжытушы салалардағы қозғалыс әрекеттерін қайта қалыптасуымен, саяси-әлеуметтік және экономикалық қарым-қатынастардың өзгеруімен көрінеді.

Қазіргі кезде бала тұлғасының ерекшеліктері, өзара байланыс, мінез-құлық жайлы мәселелерге ғалымдардың қызығушылығын танытуда. Осыған орай баланың жеке ерекшеліктеріне қарамай ол баладан толыққанды жеке тұлға дайындау- білім саласының негізгі міндеттерінің бірі. Біз өзіміздің зерттеуімізге тіл кемістігі бар балаларды алдық.

Тіл кемістігі бар балаларға лексикалық тұлғаларды меңгерту мынадай жолдармен жүргізіледі [1.56]:

1.Сөздерді меңгерту, олардың мағыналарын түсіндіруде табиғи көрнекіліктер мен заттар бейнелеу көрнекіліктердің алатын орны ерекше. Балаларға сөз мағынасын түсіндіру барысында сол сөздің мағынасын түрлі суреттер, тұлпыттар, жер бетінің бедері т.б. арқылы түсіндіруге болады.

2.Сөздерді меңгертуде сөздердің байланысын, сөз құрамын түсіндіруге символикалық көрнекіліктер қолдану керек. Түрлі сызба мен кеспелерге, карталарға сирек қолданылған сөз (түбірі) және оның мағынасын өзгертетін жұрнақтары жазылады. Сол арқылы сөздің басқа сөзбен байланысын да көрсетуге болады.

3.Сөздерді меңгерту барысында байланыстырып сөйлеуде (сирек қолданылған сөздердің оқушылардың байланыстырып сөйлеуінде пайдалануын байқауды қамтамасыз ету үшін) экранды-динамикалық көрнекіліктер пайдаланылады.

4.Сөздерді дұрыс айтқызу үшін дыбысты техникалық көрнекіліктер пайдаланылады.

Тілді игерудің осы ерекшеліктеріне байланысты тілдік құралдарды қатысымдық мақсатта қолдана білу, тіл дамыту икемділігі мен дағдыларының деңгейін көтеріп, белгілі тіл жүйесі мен тілдік құрылыс және тілдік бірліктердің, мектептегі оқу материалдарының негізінде қарастырылады.

Қандай да бір тіл дыбыстық пен грамматикалық құралдарымен бірге лексикалық құралдардың негізінде жасалатыны белгілі. Ол тілдің сөздік қоры деп аталады [2.43].

Тіл дамыту деңгейі осы сөздерді сандық, сапалық деңгейге және лексикалық білім мен оны сөйлеуде қолдана білу икемділігі мен дағдысына қатысты.

Біз бұл икемділік пен дағдыларын тіл мен сөйлеу бағытында мынадай болады деп есептейміз:

- сөзді тілдің өз алдына бөлек бірлігі ретінде, оның мағынасын, дыбысталуы мен стилистикалық реңін, грамматикалық белгілерін, байланысу жүйесіндегі лексикалық, синтаксистік тіркесімділігін игеру;

- сөздерді тақырыптық топтарға қарай жүйелей және қолдана білу;

- сөйлеуде сөзді мағыналық, тұлғалық және стилистикалық белгілеріне қарай дұрыс таңдай алу;

- сөзді ауызша және жазбаша сөйлеудің жағдайы мен түрлеріне қарай қолдана білу;

Лексикалық икемділіктері мен дағдыларын дамытуда біз мына төмендегідей қағидаларға сүйендік [3.28]:

Ең алдымен, оқушының сөйлеу икемділігі мен дағдысы тіл заңдылықтарын игеру, теориялық білім негізінде жүргізіледі. Бұған тіл лексикасының жүйесі туралы, оның функциональды-стилистикалық рендер, сөздік құрамы т.б. туралы теориялық мәліметтер жатады. Осы мәліметтер нақтылай алғанда балалардың лингвистикалық біліктілігін қалыптастыруға негізделуі тиіс.

Екіншіден, қандай да болсын лексикалық мәлімет беру тәжірибелік мазмұнда болу қажет. Лексикалық икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру сөздің санына ғана емес, оның сапалық мәніне де байланысты. Ол дегеніміз сөздерді қолдана білу біліктілігі болып табылады. Демек, бала тілін дамыту үшін оның сөздік қорын молайтумен қатар сол сөзді өз ойын жеткізуге қолдана білуде жаттықтыру мақсаты көзделуі тиіс.

Үшіншіден, әр сыныпта балалардың жас ерекшелігіне байланысты лексикалық материалдар сұрыпталып оқытылады. Ол үшін тіл кемістігі бар балалардың сөздік қорын байыту мақсатымен жиілік сөздік жасалу қажет. Өйткені бұл сөздік балалар қарым-қатынас әрекетіне негіз болады. Сол арқылы оқытуға ұсынылған қазақ тілі материалдарымен қатар сөздік қорын байыту көзделеді.

Тіл кемістігі бар балалардың сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамытудағы нәтижелі әдістерді былайша топтастырдық. Оқыту әдістерін білім көздері бойынша белгілеу (үлгі-қалыпты әдіс) білім түрі бойынша олардың топталуымен тығыз байланысты. Өз сипаты бойынша білім үш түрге бөлінеді: оқушылар тек пайымдап қана қоймайтын, сонымен бірге оларға нақты ықпал жасай алатын заттар мен құбылыстар туралы білім, сол сияқты талдап қорыту білімі. Білімнің алғашқы түріне тәжірибелік әдіс, екіншісіне – көрнекілік, үшіншісіне – ауызша әдіс сәйкес келеді. Ауызша, көрнекілік және тәжірибелік әдістер жеке-жеке қызмет етпейді. Бірақ, әдістердің басқа топтары проблемалық және логикалық әдістерімен байланыста және өзара ықпалында олар әдістер жүйесінің жиынтығын құрайды.

Іздендіру әдістерінің мынадай топтары бар: ақпараттық, эвристикалық, зерттеу. Бірінші топқа негізгі қызметіне әрекет қабілеті мен дайын білімді меңгеру мен білім беру әдістері жатады. Мұғалім оқушыларға дайын ақпаратты хабарлайды немесе олар өздері оны басқа ақпараттық нүктелерден меңгереді, содан кейін оны елеулі өзгерістерсіз еске түсіреді. Хабарлау мен елестетудің таза механикалық жолы жоқ. Және тіпті оқу материалын шығармашылықты еске түсіру және сөзбе-сөз жаттау талап етілген жағдайда (мәселен, шет тілі сөзі, цифрлы мәліметтер, әдеби шығармадан үзінді), ескі және жаңа материалдар арасында байланыс орнату, аналогия келтіру т.с.с. керек болады[4.63].

Бұл мәселені кең түрде қоюға болады: яғни ақпараттық әдістерді логикамен байланысты оқыту әдістерінің моделі. Мәселен, ауызша ақпараттық талдау-жинақтау, дәлелдеу, қорыту т.с.с. Мысалы, мұғалім мәтін бойынша жазушының өмірі мен шығармашылық жолы жайлы әңгімелеу кезінде риторикалық сұрақтар қойып, жазушы өмірінен қызықты деректер келтіріп, замандастар естелігін айтып, жазушы қоғамына орай кейбір сынның негізсіз екендігін дәлелдеп, оларды дүниетанымдық қорытындылар жасатып, сол дәуірдегі сөздердің мәнін игертуге апаруы мүмкін. Оның үстіне бұл әрекеттер оқушылардың іс жүзіндегі әрекеттерімен сәйкес келген жағдайда нәтижелі болады.

Барлық әдістердің ішінен ең ақпараттығы басым әдіс мектеп лекциясы болып саналады. Бұл жағдайда проблемалы, эпиграфты қою арқылы әңгіменің анықтау барысында логикалық тапсырмалар беру, оқушылардың хабарламаларын енгізу, өзін-өзі бақылау арқылы түзетіп қайта айтып, не жаздыру.

Балаларды өз бетінше енгізу әрекетіне бағыттайтын әдіс эвристикалық іздеу әдісі деп аталады. Эвристикалық топқа кіретіндер: проблемалы мазмұндау, логикалық тапсырмалы мазмұндама, эвристикалық әңгіме, оқушылардың танымдық міндеттерін шешу [4.65]. Бұл әдістердің мәнісі көптеген дидактиктер мен әдіскерлердің еңбектерінде мұқият ашылған, ал біз бұл әдісті баланың сөздік қорын дамыту бығытында қарастырайық.

Эвристикалық әдістер балалардан ойлау мен ақыл-ой әрекетінің негізгі тәсілдер-талдау мен жинақтауды, салыстыру мен қорытуды, дәлелдеу мен бағалауды жақсы меңгеруді талап етеді. Ал, логикалық тәсілдер эвристикалық әдістердің жұмыс атқаруының негізін қалауды, ал соңғысы ойлаудың аталған тәсілдерінің қалыптасуының маңызды шартын құрайды.

Эвристикалық әдіс арқылы мәселені шешу тәсілі оқушының дербес танымның даму дәрежесін сипаттай алады. Аз танымдық дербестік проблемалы тапсырмалы мазмұндама, эвристикалық әңгімені талап етеді; ал көбі танымдық міндеттерді шешуді логикалық және проблемалық тапсырмаларды өз бетінше орындауды қажет етеді. Сондықтан оқушыларды бір әдістен екіншісіне көшу оқу жұмысы мен ақыл-ой әрекеті тәсілдерін бір мезгілде қалыптастыра отырып, бірте-бірте дамытуға болады.

Ұсынылған модельге енетін оқыту әдістерінің үшінші ең үлкен тобы–бұл логикалық әдістер тобы. Логикалық әдістер – бұл информацияны ойша өңдеу тәсілі. Оған жататындар: талдау, бөлімдер мен негізгілерді анықтау, салыстыру, жинақтау, қорыту, айқындау, дәлелдеу, айыру, бағалау, сонымен бірге ғылыми танымның индукция және дедукция тәсілдері.

Логикалық әдістер түрлі эвристикалық тапсырмаларды алып жүре алады: түсіндірмелі шығармашылық оқытуда олардың мағынасы негізінде иллюстративті

болады. Мәселен, мазмұндамада олар амалдық негізде қызмет атқарады, қолдану мен іске асырудың үлгілерін береді, логикалық тапсырмаларды мазмұндау сабақ мақсаты болып табылады да, маңызды ерекшеліктерінде қаралып, оқушылардың тілін дамыту жоспарланған үрдіс болып қалыптасады. Сондықтан логикалық әдістің танымдық мәселесін шешуде амалдық негіз сақталып, мұғалімнің аздап көмектесуімен не өз бетінше іске асырылады, даму міндет етіп қойылған амал мен әрекет жүйесі арқылы мақсатқа бағытталған түрде жүзеге асырылады. Зерттеуді орындау кезінде оқушы өз бетінше амалдық негізде мақсатқа жету үшін әрекет етеді.

Оқытудың логикалық әдістері бақылау және түзету әдістерімен де тығыз байланыста қолданылады [4.67]. Мысалы, әдеттегідей ауызша және жазбаша бақылау әдістерін қолдансақ, немесе тестік, бағдарламаланған бақылауға сүйенсек, барлығында да біз салыстыруды, қорытуды, дәлелдеуді т.с.с. талап етеміз.

Нақтылай келе, ғылыми мақаламызда жоғарыдағы сілтемелерге негізделіп келе тіл дамытудың нәтижелі әдістерін төмендегіше топтастырдық.

Әдістердің алғашқы топтамасына жаңадан білім мен дағды берудің әдістерін топтадық: мұғалімнің сөзі т.б. баяндау, бақылау, салыстыру барысында бұл әдістерді қолдана отырып, мұғалім жаңа сөздердің ұғымын, мағынасын, этимологиясын және сол сөздердің тіркестері мен сөйлемдегі қолдану мәнін топтастыруды қолданылады. Әдістердің екінші тобына жаңа игерілген білімді қолдана білу икемділігі мен дағдысын қалыптастыру және бекіту әдістерін жатқыздық: әңгіме, ой, кітаппен жұмыс істеу /оқулық және анықтамалық әдебиеттермен өзіндік жұмыс/ мәтін талдау, мазмұндау, т.б. Бірінші топтағы әдістер мұғалімнің жаңа білімді түрлі оқытудың құралдары арқылы игертуге, түсіндіруге бағытталса, екінші топтағы әдістер сол игерілген білім мен дағдыны өздігінше қолдана білу икемділігі қалыптастыруға жағдай жасайды.

Үшінші топқа, сөйлеу икемділік пен дағдысын қалыптастыру мақсатында игерген сөздерді қолдану үшін тәжірибелік әдістерін жатқызамыз. Оған талдау, жаттығу, мәтін құрастыру /мазмұндама, түрлі стильде мәтін құрастыру, шығарма т.б./ жатады.

Жалпы жаттығу деген ұғым оқытуда әрекеттің түрі ретінде де, әдіс болып та қолдана береді. Ол туралы А.В.Текучев: «Жаттығуды грамматикадан өтілген теориялық материалдарды түсіндіруді ғана сипаттайтын әдіс деп қарауға болмайды, ол тілден ұйымдастырылған сабақтың өте қажетті бөлімі және айырып қарауға келмейтін тарауы. Егер, оқытуда жаттығуды қолданбай білім берілетін болса, өмірден, практикадан, нақтылы тілдік материалдардан қол үзген құрғақ теориялар болып шыққан болар еді», - деп, жаттығудың көп жақтылығын

көрсетеді [5.72]. Ал бұл жаттықтыру әдістерінің баланың сөздік қорын байытуда маңызы айрықша болмақ.

Қорыта келгенде, тіл кемістігі бар балалардың сөздік қорын байыту мақсатында әрбір мұғалім қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмысының мына үрдістерін біріктіре отырып, әр тақырыпты оқыту тұсында ұйымдастырады:

1. Сөзді мағынасына қарай дұрыс қолдана білу. Мұндағы мақсаты – оқытылатын тақырыпқа байланысты балалар қаншалықты сөздерді білетіндігі, үйренген сөздерін дұрыс қолдана білу, олардың сөздік қорын молайту.

2. Жазбаша ойын дұрыс беруге дағдыландыру. Жаңа тақырыпқа байланысты үйренген сөздерін дұрыс баяндау, ойларын жүйелі жазбаша жеткізе білу, сөзді орынды қолданып сөйлем құрастыру, үйренген сөздерін сауатты жаза білуге дағдыландыру мақсаты көзделеді.

3. Тірек сөздер беру арқылы оқығанын немесе көргенін мазмұндап айта білуге дағдыландыру.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. А.: Ғылым, 1987
2. Белбаева М. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. А., 1976
3. Өмірбекова С.Ж. Тілінде *кемістігі* бар балалармен жұмыс жасау әдістемесі. Алматы., 2002ж, «Алматы *кітап*».
4. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика, Алматы., 2000, 380
5. Текучев А.В. Методика преподавания русского языка в средней школе. М., 1958; 2-е изд. М., 1970; 3-е изд. М., 1980.

Турмаханова С.А.

к.п.н., доцент, Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, Шымкент.

Танабаева Г.Т.

к.ф.н., доцент, Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, Шымкент.

Развитие лексических умений и навыков у детей с нарушениями речи и их принципы

Аннотация. В статье рассмотрены теоретические основы и пути развития лексических умений и навыков детей с нарушениями речи. Мы рассматривали эффективные методы развития речевых умений и навыков у детей с недостатками знаний. Определение методов обучения по источникам знаний мы изучали тесную связь с их группировкой по видам знаний. В целях обогащения словарного запаса детей с нарушениями речи каждый учитель должен уделять особое внимание следующим

процессам развития речи на уроках казахского языка. Это: умение правильно употреблять слово по смыслу; умение правильно давать письменную игру; умение использовать ключевые слова. В зависимости от особенностей владения языком, умение применять языковые средства в коммуникативных целях, повышать уровень умений и навыков развития языка, рассматриваются на основе известных языковых систем, языковых структур и языковых единиц, учебных материалов в школе.

Ключевые слова: умения, навыки, действия, метод, информация, владение, информация, характеристика.

Turmakhanova S.A.

Ph. D., associate Professor, South Kazakhstan state pedagogical University, Shymkent

Tanabayeva G.T.

Ph. D., associate Professor, South Kazakhstan state pedagogical University, Shymkent

Development of lexical skills in children with speech disorders and their principles

Abstract. The article discusses the theoretical foundations and ways of developing lexical skills and abilities of children with speech disorders. We considered effective methods for developing speech skills in children with disabilities. Defining learning methods by source of knowledge we studied the close relationship with their grouping by type of knowledge. In order to enrich the vocabulary of children with speech disorders, each teacher should pay special attention to the following processes of speech development in Kazakh language lessons. These are: the ability to correctly use a word in its meaning; the ability to correctly give a written game; the ability to use keywords. Depending on the features of language proficiency, the ability to use language tools for communication purposes, to improve the level of skills and abilities of language development, are considered on the basis of known language systems, language structures and language units, educational materials at school.

Key words: abilities, skills, actions, method, information, possession, information, characteristics.